

Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандарды тамақпен, киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 297 Қаулысы

"Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 22-5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандардың тамақтану нормалары;

2) арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандарды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

7

наурыздағы

№ 297

қаулысымен

бекітілген

Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандардың тамақтану нормалары

Атауы	Кәмелетке толмаған бір адамға арналған норма (күніне граммен)
1	2
Қара бидай наны	150
Бидай наны	200
Бидай ұны	35
Картоп ұны	3
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	75
Картоп	400
Көкөністер және басқа да түрлі дәмдеуіш шөптер	470
Жаңа піскен жемістер	250

Кептірілген жемістер	15
Шырындар	200
Кондитерлік бұйымдар	25
Қант	70
Сары май	50
Өсімдік майы	18
Жұмыртқа (дана)	1
Сүт, ашытылған сүт өнімдері	500
Сүзбе	70
Ет	100
Құс еті	30
Балық және майшабақ	110
Шұжық өнімдері	25
Қаймақ	10
Ірімшік	12
Шай	0,2
Кофе	4
Какао	2
Тұз	8
Дәмдеуіштер	2
Ашытқы	1

Е с к е р т п е :

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін) жексенбі, мереке күндері, каникул күндері тамақтандыруға арналған шығыстардың нормасы 10 пайызға ұлғайтылады.

2. Жекелеген тамақ өнімдерін алмастыруды "Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген өнімдерді алмастыру кестесіне сәйкес жүргізуге рұқсат етіледі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

7

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 9 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандарды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары

Атауы	Өлшем бірлігі	Кәмелетке толмағанға бір адамға

саны	киілу мерзімі (жыл)		
1	2	3	4
Киім-кешек			
Қысқы пальто, тон	дана	1	2
Маусымдық пальто, күрте	дана	1	2
Мектеп киімі	жиынтық	1	1
Ер балалардың мақта-матадан тігілген ақ көйлектері	дана	2	2
Спорттық киім және кедалар	жиынтық	1	1
Ер балалар костюмі	жиынтық	3	2
Қыз балалардың көйлектері (белдеше, блузка)	дана	3	2
Қыз балалардың үйде киетін халаттары	дана	2	2
Ер балалардың мақта-матадан тігілген сыртқы көйлектері	дана	3	1
Жүннен тоқылған мерекелік көйлек	дана	2	1
Жүннен тоқылған мерекелік костюм	жиынтық	1	1
Жүннен тоқылған свитер (джерпер)	жиынтық	1	2
Қыз балаларға арналған гамаштар	жиынтық	2	1
Жазғы бас киім	жиынтық	1	1
Қысқы бас киім	жиынтық	1	2
Күзгі-көктемгі бас киім	жиынтық	1	2
Іш киім	жиынтық	2	1
Қол орамал	дана	4	1
Ер балалар шалбарының белбеуі	дана	1	1
Жартылай жүнді шарф	дана	1	2
Қолғап (биялай)	жұп	2	1
Қыз балалардың бюстгальтері	дана	3	1
Майкалар, трусилер	дана	3	1
Мақта-матадан тігілген колготки, шұлық, гольфтар	жұп	3	1
Жүннен тоқылған колготки, шұлық, гольфтар	жұп	2	1
Бәтеңкелер, туфлилер (сандалии)	жұп	3	1
Кроссовкалар	жұп	1	1
Үйде киетін аяқ киім	жұп	2	1
Етіктер, бәтеңкелер (қысқы)	жұп	1	1
Резеңке етіктер	жұп	1	2
Спорттық малақай	жұп	1	2
Түнгі жейделер, пижамалар	жұп	2	1
Колготки	жұп	5	1
Суға түскенде киетін киім, малту іш киімдері	жұп	1	1
Жұмыс киімі	жиынтық	1	2
Портфель, сөмке	дана	2	2
Шабадан	дана	1	5
Жұмсақ мүкәммал			
Ақ жайма	дана	3	2

Көрпе тысы	дана	2	3
Жастықтың тысы (ішкі)	дана	1	4
Жастықтың тысы (сыртқы)	дана	3	2
Мақта-матадан жасалған вафельді сүлгі	дана	3	2
Түкті сүлгі	дана	3	3
Жүннен немесе мақтадан жасалған көрпе	дана	1	6
Жұмсақ көрпе	дана	1	4
Матрац	дана	1	4
Жастық	дана	1	8
Төсек жапқыш	дана	1	6
Кереует алдындағы кілемше	дана	1	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ